



ПОЧЕТНО И ОТВЕТСТВЕННО



Ректор КазНУ им. аль-Фараби Галым Мутанов избран президентом Казахстанского отделения Международной академии наук высшей школы (КО МАН ВШ).

Предложение президента МАН ВШ Валентина Шукшунуова избрать Г. Мутанова руководителем Казахстанского представительства получило единогласное одобрение на заседании президиума отделения.

«Знания и огромный опыт работы Галыма Мутанова в системе высшего образования, в том числе

руководителем известных в стране университетов, дают уверенность в том, что деятельность отделения выйдет на качественно новый уровень», - выразил мнение вице-президент отделения Владимир Луганов.

Г. Мутанов выразил признательность за оказанное высокое

доверие, подчеркнув, что это подразумевает и огромную ответственность, поделился видением дальнейшей работы отделения.

Члены президиума поблагодарили Нургали Мамырова, много лет возглавлявшего представительство в Казахстане, за проделанную большую работу, который дал согласие продолжить деятельность в качестве советника президента. В ходе

заседания также были обсуждены план работы отделения и организационные вопросы.

Международная академия наук высшей школы, неправительственная организация, имеющая высший консультативный статус Экономического и Социального Совета ООН, создана в 1992 г. Она является научной организацией наиболее авторитетных, выдающихся ученых и специалистов, работающих в си-

стеме высшей школы. Деятельность академии направлена на активное содействие развитию науки и образования, сближению и интеграции высшей школы государств-участников СНГ. Объединение также проводит научно-практические конференции, симпозиумы и другие мероприятия по актуальным проблемам науки и образования.

Соб. корр

ӨНЕР

Бүгін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Студенттер сарайында жыл сайын өнерлі жастарды қолдау мақсатында өтетін дәстүрлі «Студенттік көктем-2012» көркемөнерпаздар байқауының ақтық сыны өз жұмысын бастады. Байқауды университеттің Тәрбие ісі жұмысы жөніндегі департаментінің қолға алуымен Студенттер клубы ұйымдастырып отыр.

«Студенттік көктем-2012» көркемөнерпаздар байқауының ақтық сыны

Байқау білімгерлердің шығармашылығын дамытуға мүмкіндік беру арқылы, оларды тек сапалы маман ғана емес, жан-жақты, рухани дамыған, ұлтжанды тұлға етіп қалыптастыруды мақсат етеді.

Фестивальді асыға күткен студенттер, биылғы байқауға ерекше дайындықпен келіп отыр. Өйткені, «Студенттік көктем» фестивалі – жыл сайын университет көлемінде өтетін ауқымды іс-шаралардың бірі ғана емес, студенттердің әсерлі, қызыққа толы ұмытылмас мерекелерінің бірегейі.

«Студенттік көктем» байқауының ақтық сынына тек 14 факультеттен алғашқы іріктеу кезеңінен өткен жеңімпаздар қатысады. Әділ-қазылар алқасының құрамында елімізге белгілі өнер жұлдыздары мен мәдениет қайраткерлері бар. Финалдың жеңімпаздары 30 наурыз күні өтетін «Студенттік көктем-2012» гала-концертіне қатысады.

Жалпы көркемөнерпаздар байқауының бірінші кезеңі 1300-ден аса студенттің қатысуымен факультеттер деңгейінде өткізіліп, екінші кезеңге, яғни финалға 500-ге жуық студент жолдама алды. Ақтық сында «Эстрадалық ән», «Дәстүрлі ән», «Халықтық би», «Заманауи би» «Классикалық би», «Музыкалық аспаптарда ойнау шеберлігі», «Авторлық шығармалар байқауы», «Ерекше жанр» т.б. номинациялар бойынша студенттер өнерлерін көрсетіп, жеңімпаздар марапатталады.

Студенттер клубы



БҮГІНГІ САНДА:

**Прокурормен
кездесті**



3-бет

БҮГІНГІ САНДА:

**Университет
содружества**



4-бет

БҮГІНГІ САНДА:

**Асқар алған
асу көп**



6-бет

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ БЕРЕРІ МОЛ



Қарға тамырлы қазақ өзінің тарихында басынан талай-талай қиын-қыстау жағдайларды өткізді. Осылардың барлығы тәуелсіздік алғаннан кейін тарихи тұрғыдан ашылып, өз бағасын еліміз егемендік алған соңғы жиырма жылдың беделінде ғана біліп жатыр.

Кездесу барысында Елбасы студенттердің қойған сұрақтарына жауап бере отырып, “Сіздің осындай тұлға болып қалыптасуыңызға, Президент болып, ел басқару қабілетіңізге не әсер етті?” деген сұраққа жауабын өзінің ең алғашқы еңбек жолын құрыш құйып шыныққанынан бастап, әлемге белгілі мемлекеттік қайраткер дәрежесіне жету жолдары үшін не істеу керектігін санап, саралап айтып берді. Солардың ішінде Президент жастарға сапалы білім алу, бірнеше елдің тілін меңгеру, кемінде 2-3 тіл білу керектігін, экономиканы және көп ұлтты халықтың болмысын ұғынып, ортақ мүддеге сай қызмет ету, заманауи ғылым мен технологияны игеру қажеттігін баса айтып, сонда ғана біз дамыған мемлекет бола аламыз деген түйін түйді. Бұдан былай шет елдерде бакалавриат деңгейінде студент оқытудың орнына енді “Назарбаев университеті” дәл осындай деңгейде білім бере алатындығын, нәтижесінде қыруар қаржы үнемделетіндігін алға тартты.

Кездесу соңында Елбасы: “Мен өзімнің өмірлік тәжірибем сүйене отырып мынаны айтқым келеді: мен сендерге шынында да қызыға әрі қызғана қараймын. Өйткені сендердің осындай жоғары деңгейде білім алуға мүмкіндіктерің бар. Бұл уақытты босқа өткізіп алмаңдар! Әр істі уақытыңда атқарыңдар. Бүгінгі істі ертеңге қалдырмаңдар. Міне, бүгін саған не берді, осы университет нені ұсынды, соны түбіне жеткізе алып қалуға ұмтыл. Сонда біз елді өрлетеміз!”, - деген ой айтты.

Жетістікке жеткеніміздің нәтижесінде атағы әлемге әйгілі Оксфорд, Гарвард сияқты шетел оқу орындарының үлгісін отандық университеттер тәжірибесіне енгізіп, білімді, білікті, заманауи жаңа технологияға сай мамандар дайындау үшін Астанадан “Назарбаев университеті” ашылды. Бұл жастарға, жас ғалымдарға деген үлкен қолдау. Бәсекеге қабілетті болу үшін жасалынып жатқан жағдайлар деп түсінеміз.

Президент Нұрсұлтан Назарбаев айтқан өсиетті сөздерін тек “Назарбаев университеті” студенттеріне ғана арналып айтылған деп түсінбейміз, ол сөз барлық Қазақстан студенттеріне, жастарына да арналған тілегі деп түсінуіміз керек.

Нұртай ТОРМАНОВ,
биофизика және
биомедицина кафедрасының
профессоры

БАЙҚАУ

ЕҢ ҮЗДІК ХИМИК-БЕЙОРГАНИК

Бейорганикалық химия пәні бойынша қай студенттің теориялық білімі жоғары, химиялық есептерді кім жақсы шығара алады? Химия және химиялық технологиялар факультетінің ынталы, білгір, білімді студенттерін білесіз бе?

Химия және химиялық технологиялар факультетінің жалпы және бейорганикалық химия кафедрасының ұйымдастыруымен «Ең үздік химик-бейорганик» байқауы өткізілді. Байқауға химия және химиялық технологиялар факультетінің әртүрлі мамандықтарында (химия, бейорганикалық заттар технологиясы, органикалық заттар технологиясы) оқитын 20 студент қатысты. Байқау 3 кезеңді қамтыды. Бірінші кезеңде студенттер өздерінің теориялық білім

деңгейін көрсетті, екінші кезеңде химия пәні бойынша әртүрлі деңгейдегі есептер шығарса, үшінші кезеңде зертханаға барып, химик-зерттеушіге біліктіліктерін танытты.

Нәтижесінде қазақ топтарында оқитын студенттер арасында 1-ші орынды 1 курс студенті Асқар Бакеев, 2-ші орынды 3 курс студенті Азамат Төлеков, 3-ші орынды 2 курс студенті Аягөз Әбітаева иеленді. Ал орыс топтары арасында 1-ші орынды 3 курс студенті Амангелді Жақиянов,

2-ші орынды 1 курс студенті Ерлан Сабиров, 3-ші орынды 1 курс студенті Инабат Нұрахметова иеленді. 1, 2, 3 орын алған студенттерді факультет деканы Ердос Оңғарбаев дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапаттады. Ал байқаудың 3 турына жетіп қатысқан, бірақ жүлделі орындар ала алмаған студенттерге (Назерке Жұмашева, Мадина Сейтбекова, Ғалымжан Қарамырзаев) алғыс хаттар мен сыйлықтар тапсырылды.

Р.К. АШКЕЕВА,
Л.М. ТҮГЕЛБАЕВА,
жалпы және бейорганикалық
химия кафедрасының
оқытушылары

ҚАЗҰУ ҚАШАНДА ТАЛАПҚА САЙ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен О.Е. Кутафин атындағы Мәскеу мемлекеттік заң академиясы екі жақты ынтымақтастық жөніндегі келісім-шарт жасасты. 26 наурыздағы Ректорат мәжілісінде жүзеге асқан ынтымақтастық құжатына ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов және Мәскеу мемлекеттік заң академиясы сот сараптамалары институтының директоры Елена Россинская қол қойды.

Әдеттегідей, ректорат мәжілісінде алғыс хат тапсырылып, студенттік шәкіртақы ұсынылды. Бұл жолы ҚазҰУ ректоры университетте бірнеше жыл табысты еңбек еткен Гүлнар Балақаеваға алғыс хат тапсырып, сәттілік тіледі. Өз кезегінде бірнеше жыл еңбек жолын қара шаңырақта өткерген Гүлнар Төлтайқызы бірге жұмыс істеген ұжымның әлеуетіне, ұйымшылдығына ризашылығын жеткізді. Сондай-ақ, механика-математика факультетінің студенті Гүлнәз Бейсенбековаға профессорлық шәкіртақысын тағайындады.

Игі істерден кейінгі кезек журналистика, тарих, археология және этнология, филология, әдебиеттану және әлем тілдері, сонымен бірге жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеттерінің және ректорат бөлімшелерінің мемлекеттік аттестацияға дайындығы қаралды. Әр факультеттердің тыныс-тіршілігі, құжат-қағаздары, атқарылып жатқан істері жайлы сөз алған комиссия мүшелері барлық факультет жұмыстарын жоғары бағалады. Мемлекеттік аттестацияға дайын деген түйін жасады. Факультет басшылары да комиссия жұмыстарына алғыстарын жеткізді. Журналистика

факультетінің деканы Есберген Алауханов: «Комиссия тексерісі нәтижесінде министрліктің нұсқауы мен ректораттың талаптары факультетімізде жоғары дәрежеде екендігі тағы бір айқындалды», - десе, филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің деканы Қансейіт Әбдезұлы. «Тексеріс жасалынып жатқан жұмыстарымызды бір пысықтап, қайта қарауда пайдалы. Комиссия өте тыңғылықты жұмыс атқарды. Факультеттер барлық талаптар үдесінен шығып жатыр», - дейді. Осылайша, университет факультеттерінің мемлекеттік аттестацияға дайындығы пысықталып, дайындық жоғары деңгейде деп қорытындыланды. Бұл орайда ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов факультет басшыларына, университет қызметкерлеріне қарата: «ҚазҰУ көшбасшы университет. Ол қашанда үздік бағаға лайық болуы басты талап. Барлық жұмыстардың жоғары деңгейде болуы бұл бір реттік тексеріс үшін емес, үнемі назарда ұстап келе жатқан бағытымыз. Біз болашақ үшін қызмет етеміз. Ертеңіміз жарқын болу үшін, ұлттық зерттеу университетіне айналу үшін барлық талапқа сай болу борышымыз», - дейді.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

ОЛИМПИАДА

Психологтар жарысы

26 наурызда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің философия және саясаттану факультетінде Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары студенттерінің арасында психология мамандығы бойынша республикалық пәндік олимпиада өтті.

Олимпиадаға Қазақстанның алты аймағынан 9 жоғары оқу орнының ең үздік студенттері қатысты. Олардың қатарында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Абай атындағы ҚазПУ, Қайнар университеті, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Қ. Жұбанов атындағы АМУ, ТарМПИ, Ш. Уәлиханов атындағы КМУ, Х. Досмұхаметов атындағы АМУ сияқты білім ордалары бар. Әділқазылар алқасының құрамында Қазақстанның атақты ғалымдары бар.

Болашақ психологтар олимпиада барысында өздерінің теориялық білімдері мен практикалық дағдыларын байқатып, ХХІ ғасыр психологиясына қосқан ғылыми жобаларымен бөлісті.

Өз тілшімізден

Прокурормен кездесті

Жақында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің халықаралық қатынастар факультетінде халықаралық құқық кафедрасының ұйымдастыруымен «Жастар мен жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын-алу» тақырыбы аясында Алматы облысы Райымбек ауданының прокуроры Сарпеков Мәди Нәбиұлымен кездесу өтті.

прокурор прокуратура органдары қызметінің қызықты да қиын қырларымен, өз тәжірибесімен бөлісіп, студенттерді толғандырып жүрген біршама сұрақ-



Тәрбиелік маңызы зор аталмыш жиынға факультеттің 1, 2 курс студенттері қатысып, өздерінің ойларымен бөлісіп, тақырыптық баяндамалар оқыды. Атап айтсақ, 2 курс студенттері Айдана Сәдібекова «ҚР прокуратура органдарының өзара құқықтық көмек көрсетудегі рөлі мен маңызы», Адель Меңдебәева «Жасөспірімдерді қылмыс жасауға итермелеуші факторлар», Бақдаулет Тұрғараев «Про-

куратураның адам мен азаматтың құқықтарын қорғаудағы рөлі» және Ардақ Бақытбаева «Қылмыстың әйел құрбандарының құқықтарының прокурормен қорғалу мәселелері» тақырыптарында баяндамалар жасап, қоғамда болып жатқан қазіргі таңдағы өзекті мәселелер студенттер арасында талқыға алынды.

Кездесу соңында жоғарыда аталып өткен тақырыптар аясында көпшіліктің көкейінде жүрген сұрақтар қамтылып, аудандық

тарға жауап берді. Осындай іс-шаралардың университет қабырғасында ұйымдастырылуы қоғам жастары үшін қылмыстың алдын алу жолдарының бірі екендігін атап өткен Н.М. Сарпеков факультетіміздің жастарына білім алу жолында сәттілік тіледі.

А.І. ДӘРКЕНБАЕВ,
халықаралық құқық кафедрасы менгерушісінің орынбасары

САЙЫС

СУПЕР ЭДВАЙЗЕР

Экономика және бизнес жоғары мектебінде студенттер мен «Сұңқар» студенттер кәсіподағы мүшелерінің ұйымдастыруымен «Супер эдвайзер» байқауы өтті.

Студенттер ең үздік куратор-эдвайзерін таңдау үшін, эдвайзерлер арасында сайыс жариялады. Сайыс үш деңгейден тұрды. Бірінші деңгейде әр эдвайзер «Не үшін эдвайзер жұмысын жасау ұнайды?» деген сұраққа жауап берсе, екінші деңгейде эдвайзерлер әр ұлттың биін билеп, өнерлерін көрсетті. Үшінші деңгейде эдвайзерлер мақал-мәтел айтудан жарысты. Эдвайзерлер әр түрлі сайыстарға қатысып, өнерлерін көрсетті, өз білімдерін ортаға салды.

Байқау әділетті түрде өтті. Әділқазы алқалары өз бағаларын беріп, жүлделі орындарды тағайындады.

Бірінші орынды қаржы кафедрасының оқытушысы М.Ж. Дәрібаева, екінші орынды экономика кафедрасының оқытушысы С. Темірбаева, ал үшінші орынды менеджмент және маркетинг кафедрасының оқытушысы М.Т. Нұрмағанбетова иеленді. Бұл сайысқа студенттер де өз үлестерін қосып, оқытушыларды қолдап, белсене қатысты.

Өткен сайысқа экономика және бизнес жоғары мектебінің оқытушы-профессорлар құрамы өз ойларын білдіріп, осы жарыстан үлкен әсер алғандарын айтты.

Жыл сайын осындай қызықты шаралар өткізіліп тұрса, нұр үстіне нұр болар еді!

С.А. БЕЙСЕБАЕВА,
менеджмент және маркетинг кафедрасының оқытушысы

БАСҚОСУ

Бітірушілермен ортақ әңгіме

Жақында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінде биылғы бітірушілер мен жұмыс берушілер арасында мамандық бойынша орналасу мәселесі талқыланды.

Осы мәселе бойынша Алматы қалалық тілдерді дамыту мұрағаттар және құжаттама басқармасының бастығы М. Ахетов, бөлім бастығы Б. Қалымбет және «Тіл оқыту әдістемелік орталығының» директоры Б. Тұрысбеков студенттермен ойларын бөлісті.

Алматы қаласында қандай мамандықтарға сұраныстар түсіп жатқандығы, болашақ ұстаздар үшін мектептерге орналасу жайы айтылды. Аудармашылардың арнайы байқау бойынша сұрыпталып, іріктелетіні, көбінесе техника және

басқа саладағы мамандардың жеңіп шығатындығын айта келіп, М. Ахетов аударма ісі бөлімінің студенттерінің жұмыс берушілер байқауына белсенді қатысуын өтінді. Кездесуде Алматы қаласындағы тіл мәселесі, жарнама такталарының безендірілуі мен аудармасы, көше атаулары, ономастика мәселелері де сөз етілді. Бітірушілер мен жұмыс берушілер арасындағы кездесуді аударма теориясы және әдіснамасы кафедрасының менгерушісі, ф.ғ.д., профессор Ә. Тарақ жүргізді. Студенттер өздерін мазалаған сұрақтарын қойып, тұщымды жауап алды.

Е. КӘРІБОЗОВ,
аударма теориясы және әдіснамасы кафедрасы менгерушісінің орынбасары

БІЛІМДІ СТУДЕНТ - БІЛІКТІ МАМАН


Тәуелсіз елдің болашағы – жастар. Бүгінде жаһандану заманында жастар өзіндік ой-пікірі мен көзқарасы қалыптасқан тұлғаға айналып отыр. Ел ертеңі болып саналатын жастардың қоғамда алар орны да ерекше. Жастардың әлеуетін арттыруда, ұлттық мәдениетін, тілін, салт-дәстүрін сыйлайтын, жоғары мәдениетті, білімді де іскер, зиялы маман етіп тәрбиелеуге көмек беруде кітапханашылар үлесі де зор.

Алматы қаласының кітапханаларында болатын іс-шараларға ҚазҰУ Ғылыми кітапханасы үнемі атсалысып, белсенді араласып отырады.

Жақында орталықтандырылған кітапханалар жүйесі №4-ші филиалының ұйымдастыруымен Алматы қаласының жоғары оқу орындары студенттері арасындағы «Бүгінгі білімді студент - ертеңгі білікті маман» атты зияткерлік сайысы өтті. Зияткерлік сайыстың мақсаты халқымыздың ұлттық құндылықтарын, тарихи болмысын, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын кітап арқылы насихаттау. Жастардың мамандық әлеміндегі ерекшеліктері туралы дүниетанымын кеңейтіп, жарқын болашаққа деген нық сенімін қалыптастыруды насихаттау. Сайыстың талаптары 4 кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде әр жоғары оқу орнынан келген студенттерден құралған топ белгілі бір

таңдаулы тарихи әсем ғимараттары мен ескерткіштері туралы слайдтар көрсетілді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінен сайысқа қатысқан филология факультетінің 4 курс студенттері Жанар Өтепова мен Мейрамбек Таубалдиев, химия және химиялық технология факультетінің 2 курс студенті Кеңес Қайрат осы жолы да өз тұғырларынан көріне білді. Олар білім деңгейі, музыкалық сауаттылық, ел тарихы мен халқымыздың салт-дәстүріне байланысты сұрақтарға жоғары деңгейде жауап беріп қана қоймай, аудиторияны менгеріп, жоғары мәдениеттілікпен сөйлеу шеберліктерінен алдарына жан салмады. Біздің университетімізден қатысқан «Кәусар» тобы жеңімпаз атанып, арнайы жүлделі дипломмен марапатталды. Қатысушылар «Мәңгі сарын» атты күйлер жинағы мен бағалы кітаптарды сыйға алды.



мамандықтың қыры мен сыры туралы мәлімдеме беріп, сол мамандықтың болашағы, өзектілігі, тәуелсіз жас мемлекетіміздің қарыштап дамуындағы алар орны туралы өз ойларын, пікірлерін жеткізді. «Мәңгілік сарын» атты екінші кезеңде кәсіби күйшілердің домбырада ойнаған күйлерін тыңдап, сол күй туралы мағлұмат беру сайысына түсті. «Бойтұмар», «Баба дәстүр», «Ата дәстүр», «Тұлға», «Атамекен», «Анауыз» және т.б. басқа бөлімдерден тұратын қазақ халқының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарынан жинақталған электрондық нұсқасы шыққан «Алаш ардағы» кітабынан сұрақтар берілді. Сұрақтардың деңгейі әр түрлі болғандықтан, студенттердің жауаптары әр түрлі бағаланды. Жылдам ой қорытып, сөз саптауы, шешендік өнер мен танымдық деңгейін саралайтын «Таным тұңғығы» атты төртінші кезеңде әр топқа Қазақстанның ең

Сайыс соңында әділ қазылар алқасының төрағасы «Алматыкітап» баспасының вице президенті Бүбіхан Шәкиева алдағы уақытта Алматы қаласы бойынша ұйымдастырылатын білімгерлер сайысына біздің университет студенттерін арнайы шақырды. Осы аталған іс-шаралар әлі де өз жалғасын табарына сеніміміз мол. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғылыми кітапханасының ұжымы жана уақыт талаптарына жауап бере алатын, бәсекеге қабілетті, өзіндік тұлғалық ерекшеліктері қалыптасқан, жоғары кәсіби білімді маман даярлауда алдағы кезде де жана инновациялық бастамалары мен жаналықтарын, ұлттық құндылықтар негізінде жалғастырмақ.

Ш.Б. МҰҚАШЕВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кітапханасы әдістемелік секторының кітапханашысы

УНИВЕРСИТЕТ СОДРУЖЕСТВА

В текущем году девять магистрантов КазНУ окончат Сетевой университет Содружества Независимых Государств (СУ СНГ) по программе двудипломного образования. Гранты на обучение выделены Министерством образования и науки Казахстана и Российской Федерации.

Сетевой университет создан при поддержке Межгосударственного фонда гуманитарного сотрудничества государств-участников СНГ. Его презентация состоялась 14 октября 2010 г. в рамках V Форума творческой и научной интеллигенции содружества. Основная цель проекта - повышение качества и привлекательности высшего образования, укрепление сотрудничества и межвузовских связей в сфере высшего образования на территории СНГ. Он направлен на организацию и реализацию совместных магистерских программ, укрепление международного сотрудничества в области подготовки специалистов высшей квалификации, проведение совместных научных исследований и содействие академическому обмену. 22 университета России, Украины, Беларуси, Казахстана, Азербайджана, Молдовы, Киргизстана, Таджикистана и Армении активно участвуют в деятельности Сетевого университета.

В программу двудипломного образования входит и КазНУ им. аль-Фараби. Магистранты кафедры «Менеджмент и маркетинг» Высшей школы экономики и бизнеса успешно «грызут гранит науки» в ведущих вузах ближнего зарубежья и принимают активное участие в общественной жизни. Так, например, они являются инициаторами и организаторами многих мероприятий для студентов из Казахстана, обучающихся в вузах Москвы. Интересно и содержательно прошли



встречи во время посещения московской школы №891 имени Героя Советского Союза Алии Молдагуловой. Большую разъяснительную работу наши студенты проделали во время проведения внеочередных выборов Президента РК, рассказывая своим соотечественникам о ключевых положениях выборного законодательства РК, порядке и условиях голосования граждан Казахстана в РФ.

Ярким и запоминающимся событием стал чемпионат Москвы по казахскому кундуку. Мероприятие проводилось с целью пропаганды здорового образа жизни и популяризации этого национального вида спорта, а самое главное объединения казахстанских ребят, привития им чувства патриотизма и любви к Родине. Турнир, ставший традиционным, проводился в третий раз и собрал много поклонников этого зрелищного вида казахской национальной борьбы. В соревнованиях приняли участие 60 ребят-казахстанцев из 14 крупнейших вузов Москвы. Борцы состязались в шести весовых категориях, а также на звание абсолютного чемпиона «Түйе палуан». Победители и призеры турнира были награждены дипломами, медалями и ценными подарками.

Сегодня магистранты кафедры «Менеджмент и маркетинг», успешно завершившие первый учебный год в российских университетах, продолжают обучение в стенах КазНУ по специальностям «Менеджмент», «Управление проектами» и «Инновационный менеджмент».

«Мы благодарны организаторам программы двудипломного образования, руководству нашего университета за поддержку и предоставленную возможность получить знания в ведущих вузах СНГ. Это поможет нам стать высококвалифицированными специалистами международного уровня, лидерами новой формации и приносить пользу стране и народу. Учеба в Сетевом университете значительно расширяет научный кругозор, мы приобрели бесценный практический опыт и много друзей», - поделился мнением магистрант КазНУ и РУДН Ахан Аргынов.

Коллектив Высшей школы экономики и бизнеса, преподаватели кафедры проводят большую работу, чтобы совместное международное сотрудничество в рамках межгосударственной программы Сетевого университета СНГ активно развивалось и крепло.

К.С. МУХТАРОВА,
заведующая кафедрой «Менеджмент и маркетинг», д.э.н., профессор

ҰСТАЗ, ҒАЛЫМ, ЖЕТЕКШІ – СОВЕТ ИСАТАЕВ 80 ЖАСТА

Бүгінгі таңда жылуфизика және техникалық физика кафедрасының құрметті меңгерушісі, профессор Исатаев Совет Исатайұлы 80 жасқа толып отыр. Бұл ол кісінің жақын әріптестері үшін, оның ішінде біздер – қалың қауым шәкірттері үшін үлкен оқиға.

Қалың қауым шәкірттері деп Совет Исатайұлының қол астында болып, тәрбие көріп, ғылым жолына түскен үлкен бір топ азаматты айтып отырмын. Олардың көбісі қазіргі күні өздерінің мектептерін құрған, ғылым, білім және басқа да салаларда үлкен жетістіктерге жеткен азаматтар. Оның себебі, кезінде осы кісілердің Совет Ағамыздан оң бағыт-бағдар алуларында болуы керек. Ғылым саласында дұрыс нәтиже алу, білім саласында жоғары деңгейде дәрістер оқу, оны студенттерге жеткізе білу деген сияқты үлкен-үлкен сұрақтарға ол кісі жатпай-тұрмай дайындалып, жалықпай түсіндіретін. Ол өзінің мамандығын жете меңгерген ғалым.

Совет Исатайұлы өзінің асқан білімділігімен, білгірлігімен, ұстаздық қасиетімен барлық физиктер қауымын мойындатқан адам. Оның шәкірт тәрбиелеудегі тағы бір қыры – өзінің оқыған пәндерін студенттерге дер кезінде табыстауы. Оларды алдын-ала дайындап, деңгейі соған жетті-ау деген кезде табыстайтын. Совет Исатайұлы педагогикадағы жетістіктерін оқу-әдістемелік бағытта онымен терең ұштастыра білген үлкен педагог-практик-инженер.

Совет Исатайұлының кезінде С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті, кейіннен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті физика факультетінің оқу-әдістемелік саласына қосқан үлесі өлшеусіз өте зор. С.И. Исатаев университеттің гидродинамика, жалпы физика және жылу физикасы кафедрасының эксперименттік базасын ұйымдастырды. Әсіресе, гидродинамика және аэродинамика бөлімдеріне арналып жасалынған сапасы өте жоғары арнайы зертханалық қондырғылар әлі күнге дейін факультет игілігіне жұмыс істеп тұр. Осы сала бойынша, студент кезінде, 1953 жылы Қазақстандағы тұңғыш оқу жұмыстарына арналған аэродинамикалық құбыр жасады, ал 1959 жылы дыбыс жылдамдығына дейінгі үлкен аэродинамикалық құбырды іске қосты. Бұл аэродинамикалық құбыр Қарағанды мемлекеттік университетіне сыйға тартылған, онда осы күнге дейін оқу және ғылыми жұмыстары жүргізілуде. 1980 жылдары

Совет Исатайұлының жетекшілігімен асқан дыбысты аэродинамикалық құбыр жүзеге асырылды. Ол – жалпы физикалық практикумның молекулалық физика бөлімінің зертханалық қондырғылар кешенінің авторы. Кезінде бұл қондырғылар көбейтіліп Республиканың әр жерлеріне жіберіліп отыратын. Оның басшылығымен осы қондырғыларды және механика бөлімі бойынша қондырғыларды сипаттайтын тамаша оқу құралы жасалынды, оны қазіргі таңда Республиканың көптеген жоғары оқу орындары пайдалануда.

Ғалымның біз мойындаған тағы бір қыры – ол кісінің ғылым жолындағы жетістіктері. С.И. Исатаев эксперименттік аэродинамика және жылу физикасы саласында ірі мамандардың бірі. Ол – қатты денелерді орай ағудың аэродинамикасын Қазақстанда алғаш зерттеген ғалым. Көптен өлшемдері шектеулі цилиндр мен шарды орай ағудың аэродинамикасын зерттей отырып, ағыс қимасындағы бөгет көрсеткішінің дене кедергісі мен дененің жылуалмасуына үлкен әсері бар екендігін анықтады. Қысқа цилиндрлерді жүйелі түрде эксперименттік зерттей отырып, өлшеулері шектеулі денелердің аэродинамикасы мен жылу алмасуының жалпылама заңдылықтарын тағайындады.

Пішіні әр түрлі болатын денелер бойымен қозғалатын ағыншалар мен қабырғалық ағыншалар терең зерттелді. Жазық пластинадан конуска дейінгі әр түрлі пішінді денелердің беттерімен ағатын қабырғалық ағыншалардың жалпылама заңдылықтары алынды.

С.И. Исатаев еркін турбуленттік ағыншалардың аэродинамикасын кең түрде зерттеген ғалым. Орташа динамикалық сипаттамаларда пайда болатын ерекшеліктерді дискретті ірімасштабты құйындардың дамуымен эксперимент жүзінде түсіндірген алғашқы зерттеушілердің бірі.

Совет Исатайұлы шығар қимасы тікбұрышты соплодан ағып шығатын дыбыс жылдамдығына дейінгі және асқан дыбысты ағыншалар заңдылықтарын сопло жақтарының қатынас параметрін кең түрде өзгерте отырып зерттеді және осы ағыстардың жалпылама заңдылықтарын тапты.

Исатаев Совет Исатайұлы ұзақ жылдар көлемінде Республикаға жоғары білікті ғылыми мамандар легін берген – нағыз ғылыми жетекші. Ол кісі өзінің керемет білгірі. Эксперименттік аэродинамика және гидродинамика саласында асқан маман. Сәйкесінше шәкірттерінің алдына биік талаптар қоятын. Осы тапсырмаларды орындау үстінде талай кітаптың шетін мүжіп, талай уақытты қондырғының алдында өткізетінбіз. Нәтижесін ұстазымыз сансыз сараптан өткізіп барып қана қабылдайтын, оларды тұжырымдай келе бір заңдылықты табатын. Әрине, мұндай нәтижелерде бұдан кейін ешқандай мін болмайтын. Сондықтан С.И. Исатаевтың алған эксперименттік және теориялық көрсеткіштерін кезінде Совет Одағының осы салада жұмыс атқарған көптеген маңдайалды ғалымдары мойындаушы еді.

Ұстазымыздың орасан үлкен беделі шәкірттерінің алдында мызғымайды, әлі де солай бола береді. Совет Исатайұлы шәкірттері алдында өзінің ғаламат еңбексүйгіштігімен, асқан еңбекқорлығымен, ақылдылығымен, даналығымен сыйлы.

Оның тікелей жетекшілік етуімен 30-ға тарта аспирант кандидаттық диссертация қорғады, олардың алтауы бүгінде ғылым докторлары. Олардың бәрі профессор Исатаев Совет Исатайұлының өздерінің өмірлік ұстаздары санайды.

Сізді оқыту жүйесіне, студент тәрбиесіне, ғылымға аянбай атсалысып келе жатқан тағылымды ұстаз, аса көрнекті ғалым, теориялық білімі, кәсіби шеберлігі жоғары, өз ісіне деген құштарлығы үлгі боларлықтай сенімді әріптес, кісілік келбеті келісті, адамгершілігі биік азамат, шәкірттерге ғылыми ұстаз бола білген білікті де білімді жетекші ретінде, біз, әріптестеріңіз, шәкірттеріңіз аса жоғары бағалаймыз, өзіңізді еңселі ұлы мұраттар көшінен көрініп келе жатқан рухани тұлға деп танымыз. Осының бәрі, Сіздің білім мен ғылым саласында тер төккен 60 жылға жуық өміріңізді өлшеусіз еңбегіңіздің жемісі. Ұзақ өмір сізге, Ұстаз, Ғалым, Жетекші!

Ғазиз ТӨЛЕУОВ,
ұстаздың шәкірті, физика-математика ғылымдарының кандидаты, жылуфизика және техникалық физика кафедрасының доценті

КАФЕДРАДАҒЫ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ КӨРІНІСТЕРІ



Қоғам бойындағы барлық күш-қуатты бойына жинақтайтын күш бұл – жастар. Мемлекеттің қуатын арттырып, азаматтық қоғам қалыптастыру үшін, қоғамдағы болып жатқан құбылысқа, жастардың түсіністікпен қарауы аса қажет. Сондықтан да, жастар тәрбиесін ішкі саясаттың негізгі бағыттарының бірі ретінде қарап, үнемі назарда ұстау жөн.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих, археология және этнология факультетінің дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасы Ә.Ф.А. академигі, Германиядағы Геттинген университетінің Құрметті профессоры Қ.Т. Жұмағұлов бастаған ұжым, университеттің даму стратегиясының басты салаларының бірі – тәрбие жұмысына көп көңіл бөліп, оны білім және ғылыммен ұштастырып отыр. Бұл салада кафедра эдвайзерлерінің үлесі мол.

Эдвайзерлердің жұмыс жоспары университеттің эдвайзерлер туралы академиялық саясатынан туындайды. Эдвайзерлердің қазіргі таңдағы негізгі стратегиялық міндеті студенттер арасында дәстүрлі рухани-адамгершілік құндылықтарды, толеранттықты, салауатты өмір салтын, экологиялық білімді, салауатты моральдық атмосфераны, жеке қарым-қатынастағы жоғарғы мәдениет пен өзара көмек және корпоративті ынтымақтастықты уағыздауға бағытталған.

Дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасы бойынша эдвайзерлер саны жетеу. Олар - А.К. Шоқатова 4 курс Т-81 К; Г.Е. Сәбденова. - 3 курс ТП 91К; КБ 91К; Н.К. Алпысбаева - 2 курс КІ-01К; Т.Н. Мұхажанова - 1 курс Т-12 К; Ж.М. Асылбекова - АВ 01Р; МТ 01К; Г.С. Белелова - 1 курс МІ 11 К; АВ 11Р; Ф.Н. Мейманбаева - 2 курс ИП-01 Р.

Кафедра эдвайзерлерінің тәрбие саласы бойынша іс-шараларды жатақханада да белсенді ұйымдастырып тұрады. Мәселен, факультетке тиесілі №10 жатақханаға келіп, студенттерінің жағдайымен танысып, кеңестер беріп тұрды. Бұл сала бойынша кафедрадағы 7 эдвайзердің де белсенділігін көрсетуге болады. Жастарды Отан сүйіспеншілікке тәрбиелеу жұмысы бойынша

эдвайзерлер факультет, кафедра деңгейінде тақырыптық кештер, кездесулер өткізіп тұрады.

Мәдени-эстетикалық тәрбиені арттыру мақсатында да арнайы шаралар орын алады. Аткарылған шаралар негізінен топтардың куратор-эдвайзерлері студенттерді театр, мұражайларға апарып, олардың танымдық қабілетін байытуды көздеген. Эдвайзерлер өз топтарымен Ф. Мүсірепов атындағы жасөспірімдер мен балалар театрына, М. Әуезов атындағы Академиялық Драма театрының қойылымдарына жиі барып тұрады. Бұл шарада белсенділік көрсеткен кафедра эдвайзерлері ретінде Ф.Н. Мейманбаева, Т.Н. Мұхажанованы ерекше айтуға болады.

Куратор-эдвайзерлер ұлтаралық татулық және мемлекеттік тіл-

ді дамыту саласын да назардан тыс қалдырмайды. Діни сауаттылықты арттыру, ана тілді дәріптеу мақсатына жұмыс істеп, тақырыптық кештер мен қоғам және мемлекет қайраткерлерімен кездесулер жиі өтіп тұрады. Студенттер ҚР мәжілісінің депутаты Б.Тілеухановпен, қоғам қайраткері З. Қинаятұлымен арнайы кездесіп, ой бөлісті. Ал мемлекеттік тілді дамыту аясында өткен тақырыптық кештер, мәдени шаралар болашақ тарихшылардың көкжиегін кеңейтіп, әлеуетін арттыра түсті. Факультет көлемінде ұйымдастырылған «Мемлекеттік тіл – менің тілім» атты сайысқа эдвайзер Н.К. Алпысбаева команда құрып, бірінші орынды иеленсе, Бекмаханов аудиториясында «Жас қанат» тақырыбында факультеттің жас ақындарының

кешін эдвайзер Г.Е. Сәбденова мен доцент Е.Т. Қартабаева ұйымдастырды. Кешке айтыскер ақын, техника ғылымдарының докторы, академик Бағдат Телтаев шақырылды, ақындық өнердің қырсырымен бөлісті.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру тақырыбы бойынша да шаралар ұйымдастыру куратор-эдвайзерлердің әдетіне айналған. Мұндай бағыттағы шаралар студенттер арасында денсаулықты сақтау, жаман әдеттерден аулақ болу сияқты мақсаттарды көздейді. Эдвайзерлер ұйытқы болған «Жастар шылымға қарсы», «Темекіні конфетке айырбаста», «Жаны саудың - дені сау» т.б. тақырыптар шеңберіндегі жиындар салауатты өмір салтын насихаттай түсті.

Эдвайзерлік сағаттардың тақы-

рыптарын алуан түрлі етіп өткізу, студенттердің тәрбиесіне оң ықпал етіп, білімін арттыра түсетіні сөзсіз. Бұл орайда кафедрада эдвайзерлік сағаттар айына 2 рет өткізіледі. Мақсаты - жастарға жан-жақты тәрбие беру, тәртіп бұзушылықтың алдын алу, қателіктен сақтау және оқу саласында кеңес беру. Тақырыптарының шеңбері: «Мамандығым - мақтанышым», «Діни экстремизмге қарсы күрес», «Қысқы оқу сессиясының нәтижелері», «Елбасының Жолдауын талқылау» т.б.

Сонымен бірге эдвайзерлер-кураторлық сағаттарында университет және мемлекет деңгейіндегі нормативті құжаттармен студенттерді таныстырып отырады. Осы тақырыптағы куратор сағаттарының тізімін қысқаша көрсетсек: «Діни қызмет және діни ұйымдар туралы заң»; «Университеттің нормативті құқықтық құжаттарын түсіндіру»; «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті студентінің ар-намыс кодексі» және тағы басқа құжаттар.

Университет тарапынан болатын шаралардан куратор-эдвайзерлер де тыс қалып жатқан жоқ. Республикалық деңгейде өткен «Ана тіл аруы», «Жігіт сұлтаны» сияқты сайыстардан бастап тазалық, сенбілік жұмыстарына да бір кісідей атсалысады. Бұл ұжымдық жоғары мәдениеттің, биік рухтың көрінісі болса керек.

Жалпы, жоспарланған тәрбие шараларының өз деңгейде орындалуын кафедра эдвайзерлерінің кафедра, факультет, университет тарапынан болатын шараларға қатысу белсенділігінің жоғары дәрежесінен байқауға болады.

Р.С. МЫРЗАБЕКОВА
дүние жүзі тарихы кафедрасы
менгерушісінің
оқу-әдістемелік және тәрбие
жұмысы бойынша орынбасары

АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ

Адам Мицкевич атындағы Познан университеті 500 жылдық тарихы бар дүниежүзіндегі алдыңғы қатарлы университеттердің бірі

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Академиялық мобильділікті арттыру» бағдарламасы аясында 90 магистрантқа шетелге оқып келуге мүмкіншілік берді.

Мен тарих, археология және этнология факультетінің 2 курс магистранты осы бағдарламаның арқасында Польшадағы Адам Мицкевич атындағы Познан университетінде күзгі семестрімді оқып келдім. Факультет тарапынан менің ғылыми жетекшім т.ғ.д., профессор Зақыш Төлеуханқызы үлкен ғылыми қолдау көрсетті. Жетекшім Познан университетінің профессорларымен тығыз байланыста екен. Бізге аталмыш университетке баруымызға бағыт-бағдар берді. Ондағы Польша Республикасының 966 жылдан бастап қазіргі күнге дейінгі тарихын ағылшын тілінде жүргізетін арнайы курсқа алдын ала тіркелдік. Университеттің халықаралық байланыс бағдарламасы бөлімінің директоры профессор Рафал Витковский бізді қарсы алып, бізге көптеген мәселелерде көмек берді. Польша Республикасының

қоғамының деңгейі жоғары екеніне көзіміз жетті. Барлық қызмет көрсету орталықтарының қызметшілері ағылшын тілін жетік меңгергендіктен ағылшын тілін дамытуға үлкен мүмкіндік алдық. Бұл жоғарғы оқу орынның 14 факультеті, 50000 студенті, 25 ғылыми жобасы бар екен. Оқытушы-профессорлар құрамына келетін болсақ, 482 профессор, 1519 ғылым кандидаты жұмыс істейді. Сондай-ақ 200-ден астам шетел университеттерімен байланыс орнатқан. Соңғы 5 жылда Польша Республикасындағы алдыңғы қатардағы 3 университеттің бірі.

Студенттердің білім алуына барлық жағдайлар жасалған. Білім беру жүйесіне келетін болсақ, Еуропаның алдыңғы қатарлы елдері секілді кредиттік жүйеге енген. Бірақ бұл жүйені өздерінің дәстүрлі білім беру жүйесіне сәйкестендіре

білгендігін айтуға болады. Себебі әр дәріс, семинар сабақтары болсын бұрынғысынан, 90 минуттан және бағалық жүйе әлі күшін жоймаған. Біздің білім алған тарих факультеті жеке институты ретінде ұйымдастырылған. Студенттерге арнайы дәріс кестесі белгіленген, ал қалған уақытында ғылыммен айналысады. Біз әлемнің жан-жағынан келген 35 студентпен бірге «Польша тарихының теориялық - методологиялық мәселелері» дәрісін ағылшын тілінде тындадық. Дәрісті бізге тарих ғылымдарының докторы, профессор, университеттің халықаралық бөлімін басқаратын Рафал Витковский оқыды. Сонымен қатар тарих ғылымының теориясы мен методологиясы туралы профессор Эдвард Скибинскийдің дәрістеріне қатыстық. Ресей тарихымен айналыстын профессор Яков Вортвек бізге «Польша Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы саяси және экономикалық байланы-

сы» туралы дәріс оқыды. Профессор біздің қойған сұрақтарымызға ғылыми негізде жауап берді.

Шетелдік студенттерге университет тарапына тегін поляк тілінің курстары оқытылады. Оған да қызығушылық танытып, белсенді қатыстық. Сонымен қатар ағылшын тілінің тілдік курстарына қатысу мүмкіншілігіне ие болдық.

Польша Республикасының Қазақстандағы елшісі қызметін атқарған тарих ғылымдарының докторы, профессор Марек Гавецкий университеттің шығыс институтындағы Орта Азия орталығының директоры басқарады екен. Біз ол кісімен кездесіп, біршама пайдалы ақпараттар алдық. Зерттеп жүрген тақырыбымыз бойынша ақыл-кеңес сұрадық.

Познандағы күндеріміз өте жылдам өтті деп айтуға болды. Жалпы, Еуропа мемлекетін, халқын көрудің біз үшін пайдасы мол болды. Қазақстанға оралғанымда тарих, археология және этнология факультеті,

«Қазақстан тарихы» кафедрасының доценті Қозыбақова Фатима Ақынбайқызымен Познандағы күндеріміз туралы ой бөлістік. Оқытушымыз кеңес дәуірінде Шығыс Еуропа мемлекеттерінде өткен іс-тәжірибесін айтып, пікір алмастық. Қазір педагогикалық практикамыз география факультетінде өткізіп жатырмын. Семинар және дәріс сабақтарында Польша Республикасындағы білім беру жүйесіндегі жетістіктерді қолдансақ, университетіміздің оқу жүйесін одан әрі дамытуға үлкен үлесін тигізеді деп ойлаймын. Бұдан кейін де мемлекет тарапынан студенттерге шетелде оқуға көптеген мүмкіншіліктер, арнайы бағдарламалар ұйымдастырса, өте ұтымды болар еді. Білім беру жүйесінде сапалық өзгерістер орын алады деген үміттемін.

Айгерім КӨКЕТОВА,
тарих, археология және этнология
факультетінің
2 курс магистранты

ҰЙЫМ

ҚР Президентінің биылғы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты» атты халыққа жолдауының ең басты мақсаты - әлеуметтік жаңғырту. Осы орайда, жолдау аясында жаңа модернизацияға «Сұңқар» студенттер кәсіподағы да үлкен қолдау танытады.



Жолдауға қолдау болған - кәсіподақ

Қазақстанда 105 жылдық тарихымен орын алған кәсіподақ қозғалысы қай уақытта болмасын өз мәнін жоғалтпаған, қоғамға да қажет ұйым болып табылады. Себебі кәсіподақ ҚР Конституциясына, заңдарына және басқа да нормативтік құқықтық актілеріне, өзінің жарғысына, жалпы бірдей принциптерге сәйкес әрекет етеді. Сонымен қатар жұмысшылардың, студенттердің әлеуметтік құқықтарын қорғайтын бірден-бір ұйым. Осы ретте студент жастардың кәсіподақтағы ролі ерекше. Бір жағынан, болашақ нағыз кәсіподақтың кадрлары осы жастардың ортасынан шығады, ал жастар дегеніміздің бірі-ол студент.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттері әлеуметтік тұрақтылықты сақтау мақсатында айтарлықтай жұмыстар атқарып келеді. Оған 13 жылдық тарихы бар «Сұңқар» студенттер кәсіподақ ұйымы дәлел болмақ. ҚазҰУ ректоры Ғалымқайыр Мұтанұлының кәсіподаққа деген жылы ықыласы әрдайым сезіліп отырады.

«Сұңқар» Студенттер кәсіподағы 1999 жылы 14 сәуірде кәсіподақтың есеп-таңдау конференциясында құрылды. «Сұңқар» Студенттер кәсіподағы – заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеуден өткен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттік өзін-өзі басқару ұйымы. Бүгінде алты мыңнан астам студент кәсіподаққа мүше. Аталмыш кәсіподақ заңдылық, демократиялық, жариялылық қағидалары негізінде өз қызметін атқарады. Кәсіподақтың негізгі мақсаты - студенттердің әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін қорғау. Он үш жыл бойы табанды еңбегімен ерекшеленген бұл ұйым ҚазҰУ-дың он үш факультетінің мыңдаған әлеуметтік әлжуаз студенттер тобына көмек көрсетіп келеді. Сондай-ақ «Сұңқар» кәсіподағы - университеттегі түрлі іс-шаралардың ұйымдастырушысы.

Бүгінде ҚазҰУ-дың кәсіподақ көшбасшылары тұрақты түрде жұмыс атқарып, үлкен нәтижелі жұмыстарға қол жеткізіп келеді. Атап айтатын болсақ, бірігіп жұмыс атқарудан басталған СКБ студенттердің бизнес – инкубаторына қаржылай қолдау көрсету және мұндай бірігіп жұмыс атқару ТМД елдерінің көлемінде де кеңейіп жатыр, Ресей елінің қара шаңырағына айналған МГУ мен жастар саясатына қатысты серіктестік орнатуымыз және Халықаралық жастар және студенттік ұйым серіктестігінің төрағасы И.В. Ильинмен келісімшартқа қол қоюымыздың өзі - үлкен айтарлық нәтиже. Осындай болашаққа қарай ұмтылған кәсіподақ бағыты осы жылда да өз жұмысын ІІ Халықаралық студенттік форумын ұйымдастыруында таппақ. Негізгі мақсаттардың бірі - республикалық көлемде кәсіподақ жастарын біріктіру. Себебі заңды ұйым бола отырып мемлекеттік біртұтастық саясатын қолдауға бағытталған кәсіподақ жастар саласындағы жұмыссыздық мәселесінде өз ұсынысын білдіретін, әлеуметтік әділдік форматын ұстанатын үлкен орны бар бірден-бір ұйым.

Кәсіподақта ұжымдық рух қалыптасқан. Кәсіподақ мүшелері игі істерімен қатар ұжымдық ынтымағымен ерекшеленеді. Бірлігі мен тірлігі, берекесі мен мерекесі жарасқан «Сұңқар» студенттер кәсіподағы қашан да студент игілігіне қызмет етпек.

Ә.М. ҚАРАҚОЖАЕВА,
«Сұңқар» студенттер кәсіподағының төрайымы

АСҚАР АЛҒАН АСУ КӨП

Бұл жолғы кейіпкеріміз - экономика және бизнес жоғары мектебінің 1 курс магистранты Асқар Әскеров. Ол қазір мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығында оқып жатыр. Ал енді, супер магистрантымыз Асқармен болған әңгімемізді сіздермен бөліссек.

Кейіпкеріміз 1989 жылы 25 мамырда Алматы қаласында туған. №117 орта мектебін 2007 жылы үздік аяқтады. Оқушы кезінде физика, химия пәндерін сүйіп оқыған. Ол халықаралық «Зубренок» конкурсына қатысып, физикадан ІІІ дәрежелі диплом иеленген. Сонымен қатар спорттан аудандық және қалалық жарыстардың жеңімпазы. Мектепті аяқтаған соң экономика және бизнес жоғары мектебіне менеджмент мамандығына оқуға түседі. Оқушы кезінде белсенді болған Асқар университетте де осы кейіпін таңбады. Университеттегі барлық іс-шараларға қатысып, оларды ұйымдастыруды қолына алған. Ең алдымен, студенттік маслихаттың белсенді мүшесі ретінде көзге түсті. Сосын күрес секциясына жазылып, ғылыми конференцияларға қатыса бастады. Экономика және бизнес жоғары мектебінде «Студенттік көктем», халықаралық «ISF-2011» студенттік форумының ұйымдастырушысы. Сондай-ақ «Біз» студенттік театрында көптеген рөлдерді сомдаған. Бірақ солардың ішінде ең жауапты әрі маңыздысы Ұлы Жеңістің 65 жылдығына арналған Бауыржан Момышұлының ролі еді. Ал қазір экономика және бизнес жоғары мектебінің өзін-өзі басқару ұйымында төраға. Бұл ұйыммен «Сұңқар», «Маслихат», «Студенттер кеңесі» т.б. тығыз байланыста, олардың бірігіп атқарған жұмыстары біршама. Жақында өткен «Факультетская клубомания» акциясының



арқасында бір аптаның ішінде 6 клуб ашылды. Оқу жылының басында шетелден келген студенттерге арнап «Интертейч» ашты. Мұнда өз студенттеріміз шетелден келген студенттердің университетке, факультетке, сонымен бірге оқу процесіне бейімделіп кетулеріне қол ұштарын береді. Қазір «KazNU Music Awards», «KazNU Film Fest», «Kiborg Sports» және «Наурыз Fest» жобаларының жоспарын жасауда. Осы айтылған жобалар университеттегі бірде-бір факультетте жоқ.

Асқар университеттің қоғамдық, ғылыми, оқу-бағдарламалық және спорттық өміріне белсене араласуда. Ол - бірнеше ғылыми жарыстардың спорттық ойындардың жеңімпазы. 2011 жылы І қазанда университет базасында «Рекорды КазНУ» клубының негізін қалады, онда университетіміздегі барлық қызықты рекордты фактілер

жазылып отырады. 2011 жылы 10 қазанда экономика және бизнес жоғары мектебінің өзін-өзі басқару ұйымына төраға болып сайланды. Ал қазір «Студенттік декан» лауазымына үміткер.

2011 жылы 27 желтоқсанда ректор Ф. Мұтановтың «Экономика және бизнес жоғары мектебінің ең үздік студенті» деген мақтау қағазымен марапатталды.

Сонымен қатар университеттегі ғылыми басылымдарда көптеген мақалалары басылып шықты. Олар «Роль психологического аспекта в управлении», «Городище Мерке», «Применения психологического тестирования при отборе персонала». Ол, шын мәнінде, супер студенттен супер магистрантқа сәтті қадам жасаған. Оның алар асулары әлі де бірталай болатынына сеніміміз зор.

Балнұр ЕРЖАНҚЫЗЫ

ПРОЕКТ

СТУДЕНТАМ-МЕНЕДЖЕРАМ - ОДИН ГОД!

В начале 2011 года в университете вступило в силу «Положение о студенте-менеджере по организационным вопросам на факультетах», которое было разработано Студенческим клубом КазНУ в целях активизации участия студентов в мероприятиях, развития инициативы и самоуправления.

Работа менеджеров ориентирована на содействие в организации и проведении культурно-массовых мероприятий факультета и университета. Следует отметить, что данный проект имеет успех, студенты справляются с поставленными задачами. Они активно участвуют в подготовке и проведении мероприятий, проводят информационные компании, организуют дежурство и следят за порядком, помогают выступающим и др.

В течение года с большим энтузиазмом работали многие студенты, среди них можно особо отметить: Айнура Карипханову (физико-технический факультет), Армана Жетируова и Акмарал

Аблмажинову (международных отношений), Мусу Темирова и Жасулана Косубаева (колледж), Сандугаш Оразымбетову (факультет истории, археологии и этнологии), Асем Макашову (географии и природопользования), Салтанат Альмуханову (философии и политологии), Назиру Бисегалиеву (филологии, литературоведения и мировых языков), Актолкын Кадиралиеву (юридический факультет), Еркема Елемесова (химии и химической технологии). В течение года они принимали активное участие в организации таких университетских мероприятий, как: «Студенческая весна», «Таланты первокурсников», «Наурыз», «День Победы», «День Выпускника

КазНУ», «Посвящение в студенты» и многих других.

Руководство КазНУ летом прошлого года поощрило активистов бесплатными путевками в спортивно-оздоровительный лагерь на оз. Иссык-Куль, отметило их в канун Нового года грамотами, а родителям направило благодарственные письма.

Студенческий клуб университета выражает благодарность студентам-менеджерам факультетов за их огромную и нужную работу, желает успехов в учебе и творчестве. Приглашаем к сотрудничеству всех студентов, желающих и способных проявить себя в организаторской работе.

Жанар САРТБАЙ,
ведущий специалист
Студенческого клуба

Арман ҚАБДЕШҰЛЫ,
эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті,
тарих ғылымдарының кандидаты:

«Шын еңбекпен келген дүние ғана баянды болады»



Халқымыз жоғары патриоттық санасы қалыптасқан, өн бойына өз ұлтына деген сүйіспеншілік сезімі жинақталған, туған даласының қанмен жазылған тарихын жете танып өскен жастардан зор үміт күтеді. Осындай жастарға ұстаздық етіп жүрген эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты Арман Жұмаділ Қабдешұлымен аз кем дидакталасқан едік.

- Өмірде талай жетістіктерге жетіп, өз бағанызды алып жүрсіз. Дегенмен «Жаксы әке жаман балаға қырық жыл азық» деген сөз бар ғой... Университет қабырғасында әкеңіздің (Қабдеш Жұмаділов — Қазақстанның халық жазушысы) атын пайдаланған кез болды ма?

- Әкемізден көп нәрсе үйрендік, әсіресе оның еңбекқорлығына, күні бойы жазу жазып тапжылмай отыратынына таң қалатынбыз. Бізді де шын еңбекпен келген дүние ғана баянды болады деп тәрбиелеген. Сондықтан болар мен жеке басымның мүддесі үшін әкемің атын ешқашан пайдаланғаным жоқ.

Айта кететін нәрсе, жазушылар кеңестік дәуірдің коммунистік, тоталитарлық идеологиясы үстемдік құрған кезде тарихшылар бара алмаған тақырыптарды көтерді. Олардың қаламынан шыққан туындылар халықтың ұлттық рухын, тарихи жадының сақтап қалуға көп септігін тигізді. Ал тарихшылар өз тарихымызды сипаттап баяндау үшін көрші елдердің жылнамаларынан дәлел іздеп әлек болатын. Енді, Құдайға шүкір, тәуелсіздіктің арқасында тарихшыларымыз ешкімге жалтақтамай, ешкімнен нұсқау күтпей зерттеу нысанын өздері анықтап, тың пікірлер мен ұстанымдар әкелуде.

- Биыл, 1962 жылы Қабдеш аға бұйдасын ұстап келген, 200 мыңнан аса адам үдере көшкен ұлы көшке 50 жыл толады. Осы көштің біздің рухани дүниемізге қосқан үлесі қандай?

-1959 жылғы санақ бойынша Қазақстандағы адам саны 6 млн болған. Оның 28 пайызына жетер-жетпесі ғана қазақтардың үлесіне тиген. Күштеп ұжымдастыру кезіндегі нәубет жылдары мен II Дүниежүзілік соғыстың қанды қасабы қазақтардың санын едәуір азайтты. Ол кезде тек қазақ халқының саны кеміп қойған жоқ, сонымен бірге ұлтымыздың салт-дәстүрі, әдебиеті мен мәдениеті, казаки дүниетаным мен жан әлемі де құрдымға кетіп бара жатты. Қазақстанда елуінші жылдары домбыра да күй шерту феодалдық құрлысты аңсаудың ең озбырлы көрінісі деп саналған. Домбыраны қолға алсаң болды сен ұлтшыл боп шыға келетіңсің. Қаншама кисса-дастандарымыз зерттелмей ұмытыла бастаған еді. Тіпті Абайдың ақын шәкірттері жайлы зерттеп жүрген ғалымдар қудаланды. Ал 1962 жылы Қазақстанға көшіп келген қандастарымыз қазақтың сұйылып бара жатқан қанын қайта қоюлатты. Олар өздерімен бірге

Қазақстанда ұмыт бола бастаған салт-дәстүрімізді әкелді. Себебі ол жақта қазақтың байырғы болмысы, салт-дәстүрі қаймағы бұзылмаған күйі сақталған болатын. Бұл ретте мен өз әкеммен де мақтан ете аламын. Сол 1962 жылы қытайдан көшіп келген буыннан тараған ұрпақ демографтардың есептеуі бойынша, бүгінде қазақтың санын көбейтіп үш миллионға жетіп қалды.

- Тарих сахнасына батырлар мен даңқы жер жарған қолбасшыларды жаугершілік заман шығарды. Бұдан біз тарихымыздың соғыстар тарихымен тікелей байланыста екенін көре аламыз ғой?

- Әр заманның өзі тудыратын азаматтары болады. Заманың тыныш болса билер, шешендер, философтар келеді. Ал жаугершілік заман батырларды әкелді. Адамзат тарихы - соғыстар тарихы. 2000 жылдың қарсаңында ғалымдар жер бетінде қанша адам өмір сүргенін, қанша жыл соғыс болғанын, қанша бейбіт жылдар өткенін санап шығыпты. Сөйтсе, соңғы үш мың жылдың ішінде жер бетінде 95 млрд. адам өмір сүріпті және сол үш мың жылдың тек 150 жылы ғана біршама бейбіт өткен екен. Бұдан адамның бүкіл тарихы соғыстар тарихы екенін көреміз. Қазіргі таңда, Отандық тарих ғылымында соғыс өнерін зерттеу кенжелеп қалды. Кеңес дәуірі зерттеулерді оқысақ далалықтар «қанпезер», «соғыс құмар» болып суреттеледі. Ал өркениеті

«озық» елдердің әскери тарихына зер салсаңыз, барлық соғыстар жабайыларға өркениет жеткізу мақсатында немесе жаңа жерлерді игеру үшін жасалыпты-мыс. Антикалық авторлардың өздері ақиқатты айта алатын қасиеттің сол заманда тек көшпенділерге ғана тән болғанын байқаған. Сондықтан да, соғыстар тарихы бұл тек ұрыстағы текетіретің тарихы ғана емес, бұл мәдениеттер мен дүниетанымдық құндылықтардың да тіресі. Кімнің құндылықтары күшті болса, сол жеңеді!

- Қазақтың ежелгі соғыс өнері бүгінгі әскери жүйеде қаншалықты қолданылып отыр. Бүгін ұлттық әскери дәстүрлерді жаңғыртудың мүмкіндігі бар ма?

-Дүниежүзінің барлық қарулы күштері бүгін өз әскери ісінде далалық ондық жүйе бойынша бөлініп, далалықтар жасап берген ортақ заңдылықтар мен қағидаларға сүйенеді. Әскерді үшке бөлу, жорық үстінде жан-жаққа барлаушылар мен шолғыншыларды жіберу, бұйрықты сөзсіз орындау сынды әскери салт-дәстүрлер, құндылықтар сақталып келеді. Бауыржан Момышұлының «Соғыс психологиясы» деген кітабын бірнеше рет оқып шықтым, керемет дүние. Ол әрбір шайқасты баяндағанда жауынгерлердің бойындағы күш-жігерді, ерлікті ата-бабалардан қалған қасиет деп көрсетеді. Оның «Ерліктің өшуі — халықтың қасіреті!» деген сөзі тағы бар. Сондықтан да біз даңққа толы

бабалардың ерлік тарихын бүгін барынша көтеріп, насихаттауға тиіспіз.

Далалық сарбаздың психологиялық бейнесі де мұқият зерттеуді талап етеді. Далалықтардың ұрыс алдында домбырамен ән айтып, жанын тыныштандыруы, соғыстан кейін құдайға құлшылық етіп, соғыстағы ерліктері туралы жыр-дастандар шығаруы туралы оқығанда оларды жауыз деуге қалайша аузың барады.

Соғыстар тарихы патриоттық тәрбиемен тікелей байланысты. Сондықтан да мен ұлттық әскери дәстүрлерді жаңғырту қажет деп есептеймін. Англияда монархтар сарайдан шыққан кезде дәстүрлі әскери киім киген сарбаздар сап түзеп қарсы алмайма. Ондай үрдіс орыстарда да бар. Біз де үлкен мерекелер кезінде дәстүрлі сауыт-сайманын киіп, «бес қаруын» асынып сап түзейтін жасақ болса халыққа қаншама рух берер еді.

Қазақтың тарихы, мәдениеті тек Қазақстанда жасалады. Оны біз үшін ешкім де жазып бермейді. Есебіңізді шығарып беруі мүмкін, өйткені формула ортақ. Ал даңқпен ерлікке толы соғыстар тарихын зерттеп, қазақ мәдениеті мен өнерінің асылын жинап адамзат құндылықтарының қазынасына құю тек қазақ тарихшыларының міндеті деп білемін.

-Әңгімеңізге рахмет!

**Әңгімелескен,
Маржан СЕЙСЕНБАЕВА**

КЛУБ

«КӨКЖИЕК»

Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың филология факультетіндегі «Көкжиек» ғылыми-шығармашылық клубы 2001 жылдан бері аударма теориясы және әдіснамасы кафедрасында жұмыс істеп келеді. Ғылыми жетекшісі - филология ғылымдарының кандидаты, доцент Мұсалы Ләйлә Жұматайқызы. Алғашында «Отандастар» қазақ тіліндегі қарым-қатынас клубы (Клуб общения на казахском языке) болып құрылып, студенттердің пікір алмасу мәдениетін, мемлекеттік тілді насихаттау мақсатында құрылды.

Бұл бағытта қазақ тілін үйрену сабақтары, тілдік акциялар, дөңгелек үстелдер жүргізілді. Клубтың мақсаты - студенттердің ғылыми шығармашылығын, танымдық қабілеттерін шыңдау, әдеби-рухани ізденістерін қолдау, дамыту, қазақ тілі мен әдебиетін, ұлттық құндылықтарды насихаттау, патриоттық тәрбие беру.

«КӨКЖИЕК» ғылыми-шығармашылық клубының құрылғанына биыл 10 жыл толып отыр. 2012 жылғы 16 наурыз күні филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінде «КӨКЖИЕК» ғылыми-шығармашылық клубының 10 жылдығына арналған мерекелік кеш өтті. Кеш бағдарламасында өте қызықты да мазмұнды, әсерлі іс-шаралар қарастырылған. Жыр

мүшәйрасы, әдеби викторина, ән-жыр, презентация, О. Бөкеевтің «Кербұғы» туындысы талқыланды. Клубтың 10 жылдық тарихына шолу жасалып, есеп берілді.

Университет студенттері арасында кеңінен танымал «Көкжиек» студенттік клубының негізін қалап, оны 10 жылдан бері басқарып келе жатқан клуб жетекшісі, доцент Ләйлә Мұсалықызына әлеуметтік даму жөніндегі проректор Ш.Е. Жаманбалеваның атынан алғыс хат тапсырылды.

Сондай-ақ Ләйлә Мұсалы клубтың белсенді мүшелерін факультет деканы, профессор

Қ. Әбдезұлының алғыс хатымен марапаттады.

«Көкжиектің» мерекелік кешіне арнайы келген бұрынғы төрағалары, қазіргі ғылым-білім саласында жүрген жас ғалымдар М. Өскенбаева, Т. Тынысбек, Б. Қуаныш, Н. Елесбай, Н. Нүрәділ клуб жұмысына табыс тіледі.

Кешке аударма теориясы және әдіснамасы кафедрасының меңгерушісі Ә. Тарақов, «Көкжиек» ғылыми-шығармашылық клубының бастауында тұрған ҚазҰУ-да «ТАРЛАН» атты жастар ұйымын, «ОТАНДАСТАР» қазақ тіліндегі қарым-қатынас клубын ашқан ҚазҰУ-дың ардагер ұстазы,

педагог-ғалым Сәуле Есенжолова, ҚазҰУ-дың ардагер кітапханашысы, «Көкжиектегі» оқырмандар конференциясына үзбей қатысып, қолдау көрсеткен Назипа Малдыбаева қатысып, жастарға өнегелі сөздерін айтты.

Сондай-ақ «Көкжиекті» 10 жылдық мерейтойымен құттықтауға Алматы қаласындағы өзге ЖОО-дағы студенттік клубтар да келді. Атап айтқанда, Алматы энергетика және байланыс университетінің «Ұлағат» ұйымы, ҚазҰТУ-дың «Бәйшешек» клубының өкілдері қатысып, ынтымақтастық үшін алғыстарын білдірді.

Өз тілшімізден

«Тоғызқұмалақ» үйірмесі ашылды



Тоғызқұмалақ — ақыл-ойды, логиканы дамытуға арналған зияткерлік ойын. Біз оны қазақтың ұлттық ойыны деп білеміз. Десе де ол тек біздің елімізде емес, Орталық Азияның өзге мемлекеттерінде де кеңінен етек жайған.

Қазақ даласына нақты қай уақытта келгені белгісіз болғанымен, бұл ойынның ерте кезеңдерден бастау алатындығы анықталған. Ғалымдардың пайымдауынша, тоғызқұмалақтың шығу тарихы 4 мың жылдық кезенді қамтиды. Бүгінде тоғызқұмалақ - интернетте онлайн жүйесіне енгізілген алғашқы қазақтың ұлттық ойыны. 2001 жылы Қазақстан Республикасы Тоғызқұмалақ Федерациясы құрылған болатын. Содан бері еліміздің түкпір-түкпірінде үйірмелер ашылып, түрлі жарыстар өткізіліп келеді. Мұндай игі іс-шара біздің оқу ордамызда да жалғасын тапты. Университетіміздің экономика және бизнес жоғары мектебінде «Мұрагер» клубының ұйымдастыруымен «Тоғызқұмалақ» үйірмесі ашылды. Үйірме жайлы толық мағлұмат алу үшін клубтың жетекшісі «Экономика» мамандығының 1 курс студенті Алтынгүл Азаматқызынан бірнеше сауалға жауап алған едік.

- Алтынгүл, бұл үйірмені қандай мақсатпен аштыңыз?

- Тоғызқұмалақ - бұл терең ойды талап ететін, ойнасан қызығына ешбір тоймайтын, халық даналығы қалдырған ұлттық ойындардың бірі. Ата-бабадан қалған бұл ойынды

дәріптеуге өз үлесімді қосқым келеді. Клуб атының «Мұрагер» деп аталуы да сондықтан. Үйірменің негізгі мақсаты - жастарға тоғызқұмалақ ойынын үйретумен қатар, олардың ой-өрісін, сана-сезімін дамытып, тез шешім жасай алуға, ұстамдылыққа, төзімділікке, сабырлыққа, жігер-намысты шындауға, терең ойлауға, математикалық есептерді тез шешуге үйрету. Ал міндеттері - студенттердің бойына отансүйіштігі, патриоттық сезімдерді қалыптастыру, салауатты өмір салтын насихаттау және тоғызқұмалақ өнерінің қыр-сырын түсіндіру болып табылады.

- Үйірме қашан және қай жерде өтеді?

- Әр сенбі сайын экономика және бизнес жоғары мектебінің 209 аудиториясында сағат 15:00 мен 17:00 уақыт аралығында сабақ жүргізіледі. Келем деушілердің барлығына есігіміз айқара ашық. Сонымен бірге үйірмеге үзбей қатысушылар «Мұрагер» клубының мүшесі бола алады.

- Ендігі жерде, оқырманды сабақты кім жүргізетіндігі қызықтыратын шығар. Өзіңіз жайлы айта кетсеңіз...

- Мен 2004 жылы алғаш рет облыстық жарысқа қатысып, 1-ші орынды иелендім. Одан бергіде БҚО-ның бірнеше рет облыс чемпионы атандым. Тоғызқұмалақтан Ақтөбе (2009), Тараз (2010), Павлодар (2010) қалаларында өткен республикалық чемпионаттарда 3-ші, ал Қызылорда қаласында өткен жарыста (2010) 1-ші, 2011 жылдың қазан айында Ұзынағаш ауылында болған Алматы облысының жарысында 1-ші орын алдым. Тоғызқұмалақтан спорт шеберіне үміткермін.

- Спорт саласын дамытып қана қоймай, ұлттық дәстүрімізді дәріптеуіңіз құптарлық іс! Қазағымыздың сіз сияқты жастары көп болғай! Спорт бәйгесінде биік шыңдарға жетуіңізге шын жүректен тілектеспіз!

P.S. Қадірлі оқырман! Тоғызқұмалақтың қыр-сырын меңгеріп, ұлттық ойынымызды дамытуға өз үлесіңізді қосқыңыз келсе, «Мұрагер» клубына келіп қосылыңыз! Сіздерді асыға күтеміз!

Әңгімелескен
Назгүл АСАНБЕКОВА



ҚОШ КЕЛДІҢ, ЭЗ НАУРЫЗ

Философия және саясаттану факультеті дінтану және мәдениеттану кафедрасының ұйымдастыруымен жақында «Қош келдің, өз наурыз» атты ашық тәрбиелік эдвайзерлік сағат өтті.

Кеште студенттер «Тұсау кесер» дәстүрін көрсетті. Сонымен бірге қазақтың ұмытылып бара жатқан кейбір салт-дәстүрлері бойынша жұмбақтар жасырылып, кеш қонақтарының шешулеріне ұсынылды. Сонымен қатар студенттер қонақтарды қазақтың ұлттық биі «Қара жорға» биіне тартты. Бұл күнгі кеште студенттер өздері дайындаған концерттік шарасымен қонақтардың қызу алғысына ие болды. Наурыз кешіне арналған қойылым барысында 1 және 2 курс дінтану мен мәдениеттану бөлім студенттері өздерінің оқудан тыс өнер саласында да қырлары бар екендігін жан-жақты көрсете білді. Сонымен бірге факультет деканы А.Р. Масалимова және деканның оқу және тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.У. Абжалов дінтану және мәдениеттану кафедрасының меңгерушісі А.Д. Құрманалиева бастаған оқытушылар наурыз кешіне құттықтау лебіздерін жеткізіп, ұйымдастырушы оқытушыларға және студенттерге рақметін айтты.

Эз наурыз мейрамы қашан да елімізге ырыс, ынтымақ, бақыт сыйласын!

Нұрзат МҰҚАН,
дінтану және мәдениеттану кафедрасының оқытушысы

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШ

Махаббат шайырымен кездесті

20 наурызда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің механика-математика факультетінде «Дифференциалдық теңдеулер және математикалық физика» кафедрасының ұйымдастыруымен драматург, ақын-сазгер, тәуелсіз «Платиналы Тарлан» сыйлығының иегері, халықаралық республикалық жыр мұшайраларының жеңімпазы И. Сапарбайдың «Көзайым тағы да бір көктем жетті...» атты әдеби музыкалық шығармашылық кеші өтті.

Кештің шымылдығы ақынның «Өленді жақсы көретін адам, өмірдің астарлы сырын білетін адам» деген өлеңімен түрілді. Талғамы биік, туа бітті талант иесінің шығармашылық өмірінде 20-дан аса жыр жинағы жарық көрген. Атап айтар болсақ, «Аққу арман», «Раушанғұмыр», «Бозқараған», «Қызыл-жасыл дүние», «Жүрегіме ұя салған қарлығаш», «Қызыл жел», «Бармақтай бақ», «Гүласыл», «Махаббат пен Ғадауат», «Жүз бір түн», «Түнгі әуендер», «Балауыз шам» кітаптарынан Отанға, туған халқына, өмірге деген сүйіспеншілік, таза да адал көзқарас айқын аңғарылады.

Дарын иесімен жүзбе-жүз кездескен студенттер қауымы ақынмен ақтарыла әңгіме өрбітіп, көрермен мен ақын арасында ашық сұхбат жүргізді.

Кеште механика-математика факультетінің студенттері

ақын шығармаларын жатқа оқып, ҚазҰУ-дың қызметкері Зағи Махамбетова ақынның сөзіне жазылған әндерді гитарамен орындап, кезекті әнін ақынмен бірге шырқады. Сондай-ақ, студенттер қауымы кешті әдемі бимен, әнмен әрледі. «Өз шығарманды өзін оқығаннан гөрі, өзгеден естіген әлдеқайда құлаққа жағымды, көңілге көтеріңкі күй сыйлайды екен», - деген ақын Исраил Сапарбай өз ризашылығын жасырмай, студенттерге шығармашылығы жазылған дискілерін және кітаптарын сыйға тартты.

Студенттер ақын шығармаларымен етене таныс болу үшін факультеттің оқу залында кітап және мерзімді баспасөз материалдары қойылғандығы туралы аға оқытушы Болат Әбенов айтып өтті.

Ақынның ҚазҰУ студенттерімен былтырғы кездесуінде ҚазҰУ Исраил ағаға «Махаббат шайыры» деген атақ берген болса, ал биылғы үшінші мәрте кездесуде ақын аға өз сөзінде көктем мерекесін «Махаббат маусымы» деп жариялаймын деді.

Кеш соңында ақын ағаға ҚазҰУ-ден естелік ретінде ҚазҰУ-дың тәрелке кәдесыйы және қабырғаға ілетін күнтізбесі тарту етілді.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

ВНИМАНИЕ ВАКАНСИЯ!

Институт государства и права при КазНУ им. аль-Фараби объявляет конкурс на замещение вакантной должности НАУЧНОГО СОТРУДНИКА.

Квалификационные требования: высшее юридическое образование, знание английского языка с опытом письменного и устного перевода, стаж работы по специальности.

Резюме направлять на e-mail: kz_instituta@mail.ru или факс 8 (727) 377-35-48.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор м.а. – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА
Редакторлар: Айнұр АҚЫНБАЕВА, Ағила ШУРИЕВА
Корректорлар: Гүлжан РҮСТЕМБЕКОВА, Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА
Беттеуші – Татьяна ӘКИМОВА
Фототілші – Алмат МҰХАМЕТЖАНОВ

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-35-20.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
"Бизнес Информ" баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.
Тел.: 8 (727) 293-09-09

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы – 1000 дана.
Тапсырыс № 10165

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.